


## *М.Х.Дулатидің Индияға келуі*

- 1. Дулатидің Бабырға келіп, Ғумаюн мен Камран мырзалармен танысуы*
- 2. Дулатидің Каширдегі билігі*

# *Дулати Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар*

*(1499-1551)*


*- әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаханнама» дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Оның толық аты-жөні – Дулат Мұхаммед Хұсайынұлы Мырза Мұхаммед Хайдар. Мұндағы «Мұхаммед Хайдар» - өз аты, «Мұхаммед Хұсайын» - әкесінің аты, «мырза» - текті әулеттің тұқымы екенін білдіретін атау (хан балаларының ханзада, сұлтанаталатыны секілді), «дулат» - шыққан тайпасының аты.*




## Захиредден Мұхамед Бабыр

(араб.: **محمد** **الدين** **ظهیر** **بابر**, «Бабыр» есімінің парсы тілінен мағынасы «арыстан, қолбасшы, барыс») — моғол және үнді ел билеушісі, сардары, **Ұлы Моғол мемлекетінің** негізін қалаушы, ақын және жазушы. 1483 ж. ақпанның 14 қазіргі **Фергана уәлаятында** туған. Оның әкесі Омар Шайхы — Ақсақ Темірдің шөбересі, **Ферғананың** әмірі еді. Ал Бабырдың шешесі — Құтлық Нигар ханым Моғолстан ханы, Шыңғыс хан әулеті Жүністің қызы болатын. Бабыр және қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың шешелері — бірге туған, апалы-сіңлілі адамдар болған. Демек, Бабыр мен Мұхаммед-Хайдар — бөле болып келеді.

Бабыр



*1509 жылдың қарашасында Кабулдағы бөлесі Бабырға келеді. Арып, ашып жол азабын көріп барған Хайдар мырзаны Бабыр жақсы қарсы алған. Бауырына басып, жас мырзаның басынан сипайды. Мұның өзі де үлкен адамгершілік, үлкен кісілік еді. Әйтпесе Бабырдың өзі де қиын жағдайды бастан кешіп жатқан еді. Кабулға келіп қоныстанғанымен іштен шыққан дұшпандары мен ізіне түскен жауларының оны жан-жақтан анталап тұрған кезі болатын. Соған қарамай, Бабыр жас бөлесіне қолынан келген жақсылығын аямаған.*



## *Мұхаммед Хұсайын Дулати мен Бабыр арасында Кабулда*

*1506—1507 жылдар арасында болған жайсыз оқиға*

Ташкентті Шайбани басып алған соң Мұхаммед Хұсайын Қаратегіндегі Хұсрау шаһқа қашады. Одан әрі ол 1506—1507 жылдар шамасында Кабулға келеді. Бірақ шайтан түртті ме, кім білсін, Бабыр хазарлықтарды шабуға кеткенде, біреулердің азғыруына еріп, Мұхаммед Хұсайын сарай төңкерісіне қатысады. Бірақ ол сәтсіз аяқталып, қолға түскен бүлікшілерді Бабыр қатты жазалаған. Ол жайлы Бабырдың өзі: «Мұхаммед Хұсайын мырза қорыққанынан ханымның төсек-орны жиналған қоймасына қойып кетіпті. Мірім диуанмен тағы бірнеше бектерге «қамалдан жан шығармай, (ханымның) бөлмесін тінтіп, жерге кіріп кетсе де Мұхаммед Хұсайынды алып келіңдер!» деп бұйрық бердім. Олар ханымның есігінің алдына барып, онымен дөрекі, әдепсіз сөйлесіп, ақыры Хұсайын мырзаны ханымның қоймасынан тауып алып, шаһ сарайына жеткізді. Онымен орнымнан тұрып сәлемдестім. Істі насырға шаптырмай сыпайылық жасап, бұрынғыдай ілтипат көрсеттім. Мұхаммед Хұсайын мырза опасыздық, сорақы іс жасап, сойқанды бүлік шығармақ болды, Әттең, мұны жексұрындық қылығы үшін сазайын тарттырып, қыл шылбырмен бұрау салып, өлтіріп, кескілеп тастаса болар еді. Бірақ қол жіпсіз байланды, мұнымен қарға тамырлы жекжаттығымыз бар еді. Менің туған нағашы апам Хуб Нигар ханым мырзаның жары еді, одан қыз, ұл көріп отырған соң, сол жекжаттық жағдайды ескеріп, Мұхаммед Хұсайын мырзаны жазадан құтқарып, Хорасанға аттануға рұхсат еттім...

## *Хайдардың Саид ханның қол асына баруы*

*Тарихшылардың көпшілігі Хайдар мырзаның Кабулде тұрғанда Бабырдың бірнеше жорықтарына катысқанын айтады. Әрине Хайдардың мұндай аса қауіпті де қатерлі шайқастарға қатысуы оның болашақта әскери колбасшы болуына септігі тимей қалған жоқ. Бірақ Бабыр Хайдардың жастығы, әрі бір ерден қалған жалғыз тұяқ екенін ескерді ме, әлде әпкесінің қасында болсын деді ме, 1512 жылы оны өз өтініші бойынша Әндіжандағы Саид ханға жібереді. Саид хан, жоғарыда Бабыр айтқандай, Хайдар мырзаның жездесі болатын. Саид хан Сүйініш Қожа ханнан жеңіліп, Әндіжанға қайтып оралған 1512 жылдың қыркүйек — қазан айларында Хайдар мырза да сонда жетіп еді. Бірақ мұнда да тыныш өмір бола қойған жоқ. 1514 жылы Саид хан өзіне ерген сенімді адамдарымен Хайдар мырзаны ертіп Қашқарияға бет алады. Онда барған соң жаңа мемлекет – Моғолстанның (Қашғар хандығы) ірге тасын қалаған. Хайдар мырза Қашқарияда 19 жыл ғұмыр кешкен. Саид хан оны ерекше жақсы көріп, кайда барса да қасынан тастамаған.*

## ***Саид ханның Хайдарға ерекше көңіл аударуы***

*Қашғар мен хан ордасы тұрған Жаркентте мешіт, медреселер, керуен сарайлары көп еді. Хайдар мырза Жаркентке келген соң, Саид хан оны ордадағы осындай медреселердің біріне берді. Хайдар онда беделді де белгілі кісілердің балаларымен бірге Құран мен Хадис, тәпсір мен тарих, жағрафия мен фәлсафа, логикадан дәріс алды. Аптаның әр күні болатын соғыс өнері сабақтары да қызықты өтетін. Хайдар мырза әсіресе тарих пен әдебиетті сүйіп оқыды. Ол өзінің Атбасы мен Жетісуда күн кешкен могол бектері, хандары мен сұлтандары, олардың құзырына қараған жамағат туралы көзі қарақты үлкендердің әңгімелерін ұйып тыңдайтын. Медреседе дәріс беретін ұстаздар Хайдар мырзаның зергерлік өнері мен сурет салуға деген талабын да байқады. Ол жайлы олар реті келгенде Саид ханға да құлақ қағыс етіп отырған. Десе де Саид ханның Хайдар мырзаны ерекше жақсы көретіндігіне оның інілері мен балалары өте қызғанышпен қарады. Хайдар мырза кейінірек сонын, зардабын тартудай-ақ тартты. Саид хан оны есейіп, оңы мен солын танығаннан кейін туған қарындасына үйлендірді. Ұлан-асыр той жасады.*

## *Қазақтармен қырғыздарды бақылауы*

*Хайдар мырза: «Халықтың тәртіп сақтауын бақылауды тапсырып, (Саид хан) мені Моғолстанға калдырды да, ханның өзі Қашғарға қайтты. Қаншалықты тырыссам да қырғыздар бірақ тынши қоймады, қайтадан Моғолстанның қарсы жағындағы Таһир ханға барып қосылды. Әйтсе де олардың біразы орнында қалды»,— деп еске алады. Хайдар мырза Жаркентте тұрғанда Саид ханның тек Моғолстанға ғана емес, сонымен қатар 1527—1528 жылдары оның Кәпірстанға (Ауғанстанның солтүстігіндегі Ислам дінін қабылдап үлгермеген таулы жер), 1528—1530 жылдары Бадахшанға, 1532 жылы Кіші Тибетке жасаған жорығына да қатысқан. Қашғар әміршісі оның ара-арасында Хайдар мырзаны тағы бір баласы Іскендірмен бірге Үндістанның солтүстігіндегі Кашмир өлкесіне де жіберіп алады — деп жазды*



## *Хайдар мырзаның Тибет пен Бадахшан өлкесіне кетуі*

*Бірақ 1533 жылдың жазында Саид хан бар болғаны 46 жасында кенеттен қайтыс болады. Хан тағы баласы Әбд ар-Рашидке (1509—1570) тиеді. Әбд ар-Рашид жас кезінде Хайдар мырзаның тәрбиесінде болған. Хайдар мырза оған соғыс өнерінен дәріс берген. Бірақ үкімет билігі қолына тие салысымен Әбд ар-Рашид сарайдағы екі жүзді жарамсақтардың «мемлекет тізгінін дулаттар тартып алғалы жүр» деген өсегінен қауіптеніп, «билікке таласса осы таласар» деген ниғылмен әуелі Хайдар мырзаның немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза Дулатиді өлтірткізеді. Кашмирден қайтып келе жатып осындай қайғылы хабар алған Хайдар мырза өзіне де тықыр таянғанын сезіп, Жаркентке оралмай, Тибет пен Бадахшан өлкесіне тартып кетеді.*

## *Һумаюн мен Камран мырзаны іздеп Үндістанға келуі*

*Барар жер, басар тауы калмай торыққан мырза біраз уакытын өзі алдында гана жорықта болған Тибетте өткізген. Ол кезде Тибет халық аз қоныстанған жамағаты негізінен тау қойнаулары мен баурайында тұратын өлке еді. XIII ғасырдан бері моңғолдардың билігіне көшкен ел болатын. Бірақ Тибеттен де сая таппаған Хайдар мырза енді таулы Бадахшанға бет алды. Мұнда ол 1536 жылға дейін болған. Кейбір мағлұматтарға қарағанда Хайдар мырза 1533—1536 жылдары Жәркенттен қашықта жүрсе де үй іші мен елінен хат, хабар алып тұрған екен. Ақыры ол Тибетті де, Бадахшанды да мүлдем тастап Ұлы Моғол мемлекетінің ірге тасын қалаған бөлесі Бабырдың балалары Нәсір ад-Дин Мухаммед Һумаюн (1508—1556) мен Камран мырзаны іздеп Үндістандағы Лахор қаласына келеді.*

Хайдар мырза жанына жубаныш бола алмаған Тибет пен Бадахшаннан 1536 жылы Үндістандағы Лахорға келгенде бөлесі Бабырдың қайтыс болғанына 6 жыл толған еді. Әкесінің жылы өтпей-ақ балалары тақ үшін таласты бастаған болатын. Сол себепті де оларға әкесінің киян-кескі соғыспен жеңіп алған иеліктерінен айырылу қаупі бірте-бірте күшейе түсті. Бабыр Үндістанды әрине оп-оңай басып алған жоқ. Ол мұндағы саяси бытыраңқылық, шонжарлық алауыздықты жақсы пайдаланды. Сөйткен Бабыр 1526 жылы Панипат түбінде Үндістанның басы бірікпеген сұлтандары мен әкімдерін қирата жеңіп, Дели сұлтандығын жойған еді. Үндістанда ол содан төртжыл билік құрды. 1530 жылы қайтыс болған соң әке тағы үлкен ұлы Нәсір ад-Дин Һұмаюнге тиді. Ол Бабырдан қалған иелікті кеңейтуге тырысып, өзге жерлерді басып алмақ болады. Бабыр мемлекетінің әуелгі астанасы Лахорға Хайдар мырза осындай жағдайда келді. Оны өзара алауыздықта болса да Һұмаюн мен Камран мырза жақсы қарсы алды. Бабырдың бұлардан басқа Асқар мырза, Мырза Хиндал атты тағы да екі ұлы болған. Олар да тақ үшін таласта бір-біріне ешқандай аяушылық жасамады. Мысалы, Һұмаюн Бихар мен Бенгалия әміршісі, ауған текті Шерханмен күресіп жатқанда Камран қалайда ағасының көзін жойып, әке тағына ие болу әрекетін жасады. Хайдар мырза Лахорда жүргенде аға-іні арасындағы осындай таластардың әрине талайын көрді.

*Бабыр балаларының ішіндегі үлкені де, таланттысы да  
Ғұмаюн болатын. Сондықтан да оның еншісіне Үндістан  
тиген. Ол әке үлгісімен Лахор мен Дели маңында айшықты  
ғимараттар салып, Үндістанды тарихи, мәдени, рухани  
орталыққа айналдыруды көздеді. Делиді астанасы етуді  
ойластырды.*



# Лахо

р



Хайдар мырза әуелі біраз уақыт Лахорда Камран мырзаның қасында болды. Камран Иран шаһына тойтарыс беру үшін Кандағарға аттанғанда, Лахордағы орнына Хайдар мырзаны қойып кеткен. Қайтып оралған соң да ол Үндістандағы кейбір жорықтарына Хайдар мырзаны ала шықты. Әйтсе де ол сыртқы жаулардан гөрі Һұмаюнның көзін жою ниғылымен түрлі айла-шарғыларды жалғастыра берді. Оның бұл ісіне інісі Асқар мырза да көмектеседі. Камранның осындай тірліктерін көрген Хайдар мырза кейін Лахордан баз кешіп, Һұмаюнның ордасына келіп, әміршінің бірнеше жорықтарына қатысқан. Десек те Һұмаюн Аграның оңтүстік шығысындағы Қанаудж деген жерде Шерханмен болған соғыста ойсырай жеңіледі. Соңынан ол (1541 жылдар шамасында) аз ғана жасақпен Синдке, ал кейінірек інілерінен де оға таппай, Ауғаныстаннан әрі Иранға кетуге мәжбүр болған. Үміттеніп, қатты сенген Бабыр әулеті өзара қырқысып, ақыры кұрдымға кетті. Енді ол бір кездері Сайд хан өзіне сый еткен Кашир уалайатына баруға белін бекем буды. Өйткені Үндістанның тізгіні Шерханға тигенімен, оның билігі бұл жерге әлі жете қойған жоқ еді. Оның үстіне бұрындары, яғни 1533 жылдың басында Саид ханның баласы Іскендір хан екеуі 10 мың қосынмен Каширді алып, осында сол жылдың көктеміне дейін болғаны барды. Каширдің табиғаты мен адамдары да оған ұнаған.

*Қашир Үндістанның солтүстігіндегі Пир-Панджал атты тау жоталары аралығындағы көкорай шалғынды, жанға да, малға да жайлы үлкен аңғарды. Ел орталығында болып жатқан түрлі жанжалдар мен соғыс һәм сарай төңкерісі жайлы хабарлар аймақ астанасы Сринагарға кештеу жететін. Халқы егін және мал шаруашылығымен айналысқан. Бұл жағынан да өл Орта Азия халқының тіршілік тынысына ұқсап кететін.*



Ғұмаюн мемлекет тізгінінен ажырап, үкімет басына Шерхан келгелі Кашир уалайаты басшысыз қалып, жергілікті әкімдер халықты тонап, езе бастап еді. Елде тәртіпсіздік орнады. Сол себепті де Кашир халқы өздері.бұрыннан білетін Хайдар мырзаға қарсылық көрсетпеді. Тарихшылардың көпшілігі Хайдар мырза Каширді өзінің туа бітті мәмлегерлік қасиеті, парасаттылығы мен алғырлығының арқасында бір оқ та шығармай өзіне қаратқанын айтады. Әрине, Хайдар мырзаның Каширді алуына Ғұмаюн берген әскер қосындарының да әсері болмай қойған жоқ. Сөйткен бабамыз 1540 жылдың қараша айында Сринагар каласына келіп туын тікті. Соңыра ол өзінен Кашир өлкесін тартып алу үшін Шерхан жіберген Қажы шаһ әскерін талқандап, жағдайын одан әрі нығайтып, жақсарта түсті.



*Хайдар мырза Каширді 10—11 жыл билеген. Ол өзіне қараған қалалар мен қоныстардың әлауқатын көтеріп, жолдарын жақсартты. Әдебиет пен мәдениеттің өркендеуіне жағдай жасады. Кашир өлкесін гүлдендіріп абат баққа айналдыру ойымен талай жерлерге өкілдерін аттандырып, қолынан іс келетіндерді өзіне шақырды. Бірте-бірте ол Тибетті де өз иелігіне қосып алды.*

*Хайдар мырза Дулати кейбір деректерге қарағанда күтушілерінің бірі уланған жебемен атқан. Сөйтіп, 1551 жылы қайтыс болды.*

Мұхаммед Хайдар Дулати кезінде бір оқ шығармай ақыл-парасатымен Каширді алып, халықтың назарын өзіне қаратыпты. Сөйтіп, ол елге 11 жыл билік жүргізіпті. Сол кезеңде аймақтың руханиятына, яғни өнері мен мәдениетіне, музыкасы мен білім саласына ерекше мән беріпті. Жан-жақты дамытыпты. Ауыл шаруашылығын өркендетуді қолға алған, әсіресе, күріш пен шай өсіру саласын өрістетіпті. Көзі ашық, көңілі ояу, білімді адам болғандықтан, жұртты береке-бірлікке ұйыта біліпті. Сәулетті де сәнді ғимараттар салғызыпты. Сол уақытта жасалған саябақтар, отырғызған баулар, гүлбақтары әлі күнге дейін жайқалып, көздің жауын алады. Соның бәрін аралап көріп, үлкен әсер алдық. 500 жылдай өтсе де, сол уақытта тартылған су құбырлары, субұрқақтары қазір де жұмыс істеп тұр. Жақтауы таспен қаланыпты. Оның кәдімгі гидротехникалық құрылыс екені көш жерден көрініп тұр. Тұрғындар мұны тарихи құндылық деп ерекше құрмет тұтады екен. Сол сапарымызда Сринагар қаласындағы кіндік Азия мұражайында үлкен кездесу болды. Ол – тарихи жәдігерлері өте мол мұражай болып шықты. Сол жерде бізге Дулати заманында шыққан металл теңгелерді көрсетті. Теңгеге өзінің атын емес, Нәзік ханның атын жаздырыпты. Бұл оның кісілігін, кішілігін көрсетсе керек.

*Назарларыңызға*  
***РАХМЕТ!!!***

